

ҚАЗТУТЫНУОДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ



КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
КАЗПОТРЕБСОЮЗА

«БЕКІТЕМІН»

Қазтұтынуодағы Қарағанды  
университетінің ректоры,  
э.ғ.д., профессор



Аймагамбетов Е.Б.

Қару Ғылыми кеңес  
отырысында бекітілді

Хаттама № 8 «30» 04 2024ж.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ  
6В07201 «АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНІМДЕРІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ»**

Деңгейі: бакалавриат (ВА)

ҚАРАҒАНДЫ 2024

6B07201 "Азық-түлік өнімдерінің технологиясы" білім беру бағдарламасы ҚР ҰҚМ 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен (өзгерістермен және толықтырулармен) бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, ЖЖОКБҰ-да кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 (өзгерістермен және толықтырулармен) негізінде жасалды, Ұлттық біліктілік шеңбері, "Тамақ өнеркәсібі" салалық біліктілік шеңбері, "Қоғамдық тамақ өнімдерін өндіру" кәсіби стандарты (№15 қосымша), "Атамекен" ҚР Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасарының 2019.12.27 №266 бұйрығымен бекітілген.

Өзірлеушілер (академиялық комитет):

Есенбаева Г.А. – п.ғ.д., профессор, тауартану және сертификаттау кафедрасының меңгерушісі

Жар Ж.Ж. - магистр, тауартану және сертификаттау кафедрасының аға оқытушысы

Әуез Ж.К. – магистр, тауартану және сертификаттау кафедрасының оқытушысы

Малдыбаева М.Н. – магистр, тауартану және сертификаттау кафедрасының аға оқытушысы

Далибаева Л.Ж – «Сарыарқа Нан Қарағанды» ЖШС бас технолог

Ғалымов Д. – ТПП-22-1к (НП) тобының магистранті

Сәкенқызы А – ТПП-22-2к тобының студенті

Сын пікір жазған (сарапшы):

Аймуханова Т.А. – «Smart Cert» ЖШС бас маманы

Жолумбетов Е.Н. – "Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы" АҚ ҚФ директоры

Білім беру бағдарламасы академиялық комитеттің отырысында № 2 хаттама «25»\_\_01\_\_2024ж., талқыланды және мақұлданды

## МАЗМҰНЫ

<b>1. Білім беру бағдарламасының паспорты</b>	<b>4</b>
<b>2. Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаты</b>	<b>5</b>
2.1 Берілетін дәрежесі	5
2.2 Маманның лауазымдарының тізбесі	5
<b>3. Білім беру бағдарламасының мазмұны</b>	<b>6</b>
3.1 Білім беру бағдарламасының оқу жоспары	6
3.2 Пәндер туралы мәліметтер	10
<b>4. Білім беру бағдарламасының құзыреттері және оқыту нәтижелері</b>	<b>29</b>
4.1 Құзыреттері және оқыту нәтижелерінің тізбесі	29
4.2 Білім беру бағдарламасы бойынша тұтастай алғанда, қалыптастырылатын құзыреттіліктерді оқыту нәтижелерімен салыстыру матрицасы	30
4.3 Құзыреттілігін қалыптастыру картасы	31
<b>5. Білім беру бағдарламасын дамыту концепциясы</b>	<b>35</b>
<b>6. Білім беру бағдарламаның келісу парағы</b>	<b>38</b>

## 1. Білім беру бағдарламасының паспорты

№	Атауы	Ескертпе
1	Тіркеу номері	6B07200008
2	Білім беру саласындағы жіктеу және коды	6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары
3	Даярлау бағыттарының жіктелуі және коды	6B072 Өндірістік және өңдеу салалары
4	Білім беру бағдарламаларының тобы	B068 Азық-түлік өнімдерін өндіру
5	Білім беру бағдарламасының атауы	6B07201 «Азық-түлік өнімдерінің технологиясы»
6	Білім беру бағдарламасының түрі	а) Қолданыстағы БББ Кәсіби стандарт: "Қоғамдық тамақтану өнімдерін өндіру"
7	Білім беру бағдарламасының мақсаты	Студенттердің кәсіби өсуі мен жеке дамуы үшін негіз ретінде еңбек нарығының қазіргі талаптарына сәйкес азық-түлік өнімдерінің технологиясы саласында инновациялық бағдарланған, бәсекеге қабілетті мамандарды сапалы даярлауды қамтамасыз ету
8	ББХСЖ бойынша деңгейі	6
9	ҰБШ бойынша деңгейі	6
10	СБШ бойынша деңгейі	6
11	БББ ерекшеліктері	- Жоқ
	Серіктес ЖОО (СОП)	-
	Серіктес ЖОО (ДҚОП)	-
12	Құзіреттілік тізімі	Білім беру бағдарламасы бойынша оқу нәтижелерін қалыптастырылатын құзыреттермен байланыстыру матрицасы
13	Оқыту нәтижелері	
14	Оқыту түрі	күндізгі
15	Оқыту тілі	Қазақ, орыс
16	Кредиттер көлемі	240
17	Берілетін дәрежесі	Бакалавр
18	Кадрлар даярлау бағытына лицензияға қосымшаның болуы	№ KZ34LAA00021414 (005)
19	БББ аккредиттеуі болуы	Мамандандырылған аккредиттеуден өткені туралы куәлік IQAA №0175/1
	Аккредиттеу органының атауы	Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік, Қазақстан.
	Аккредиттеудің әрекет ету мерзімі	23.12.2019 – 20.12.2024
20	Пәндер туралы мәліметтер	Циклдар және ББ бойынша пәндер туралы мәліметтер
21	Бағдарламаның бірегейлігі	-

## **2. Білім беру бағдарламасы түлегінің біліктілік сипаты**

### **2.1 Берілетін дәрежесі:**

Білім беру бағдарламасының түлегіне дәреже беріледі: «6B07201 Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша техника және технологиялар бакалавры

**2.2 Маманның лауазымдарының тізбесі:** Маманның лауазымдарының тізбесі: тамақ өнімдерін өндіру технологиясы, техник-технолог (тағам өнеркәсібі)

**2.3 «6B07201 Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» білім беру бағдарламасын сәтті аяқтағаннан кейін студент:**

- қоғамдық тамақтандыру саласына қатысты тамақ өнімдерінің технологиясын, экономика негіздерін, еңбекті ұйымдастыру және өндірісті ұйымдастыруды, тамақ өнімдерінің биохимиясы мен микробиологиясын, санитария және тамақ гигиенасын, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында қызмет көрсету технологиясын және қызмет көрсетуді білу; тамақ өнімдерінің ассортименті; шикізатқа, жартылай фабрикаттарға және дайын өнімге, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жүйесіне қойылатын талаптарын біледі;

- тамақ өндірісінің жалпы және мамандандырылған технологияларының ерекшеліктерін түсіну, тамақ өнеркәсібі мен қоғамдық тамақтандыру өнімдерін өндіру тиімділігін арттыру үшін білімдерін қолдануды түсінеді

- тамақ өнеркәсібі мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында технологиялық процесті ұйымдастыра алады, рецептураларды әзірлей алады, технологиялық жабдықтың әртүрлі түрлерін пайдалана алады, өнім мен қызметтің сапасын бақылай алады және бағалай алады, ақаулардың себептерін талдай алады, олардың алдын алу шараларын әзірлей алады, басшылық шешімдер қабылдай алады;

### 3. Білім беру бағдарламасының мазмұны

#### 3.1 Білім беру бағдарламасының оқу жоспары

Пәннің циклы	Пәннің коды	МК/ЖК/ТК	Пәннің аталуы	Кредиттері	Бақылау түрі	Оқу жұмысының түрлері дәріс/тәж/зерт/БО ӨЖ/БӨЖ	Семестрлер бойынша бөлу								Оқыту нәтижелері	
							1	2	3	4	5	6	7	8		
<b>1. ӘСБМ Әлеуметтік-саяси білім модулі</b>				<b>9</b>												
ЖБП	ASMP 2022	МК	ӘСБМ (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Психология)	8	емтихан	30/30/0/60/120	4	4								ОН1, ОН2, ОН4
БД	ОКТ 2022	ЖК		Оқу тәжірибесі	1	есеп			1							
<b>2. ӘГМ Әлеуметтік-гуманитарлық модуль</b>				<b>20</b>												
ЖБП	РК ЕОК 2022	ТК	Пәнаралық курс "Экология және өмір-тіршілік қауіпсіздігі"	5	емтихан	30/15/0/15/90			5							ОН1,ОН2, ОН4
	ЕТ 2022		Экономикалық теория													
	SZhKIN 2022		Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл негіздері													
ЖБП	КТ 2022	МК	Қазақстан тарихы	5	Мемл. емтихан	30/15/0/15/90		5								
ЖБП	Fil 2022	МК	Философия	5	емтихан	30/15/0/15/90			5							
БП	KN 2022	ТК	Құқық негіздері	5	емтихан	30/15/0/15/90			5							
	TPRK 2022		Қазақстан Республикасының Еңбек құқығы													
<b>3. ДШСМ Дене шынықтыру және спорт модулі</b>				<b>8</b>												
ЖБП	DSh 2022	МК	Дене шынықтыру	8	диф/сынақ		2	2	2	2						ОН1
<b>4. ТМ Тіл модулі</b>				<b>26</b>												
ЖБП	ShT 2022	МК	Шетел тілі	10	емтихан	0/90/0/30/180	5	5								ОН2
ЖБП	К(О)Т 2022	МК	Қазақ (Орыс) тілі	10	емтихан	0/90/0/30/180	5	5								
БП	РК КВТ 2022	ЖК	«Кәсіби бағытталған тіл» пәнаралық курсы	6	емтихан	0/60/0/30/90			3	3						

<b>5. ЦАТМ Цифрлық ақпараттық технологиялар модулі</b>				<b>9</b>														
ЖБП	АКТ 2022	МК	Ақпараттық-коммуникативті технологиялар	5	емтихан	15/30/0/15/90	5											ОН3, ОН4
БП	Mat 2022	ЖК	Математика	4	емтихан	15/30/0/15/60		4										
<b>6. ФТМ Физика-техникалық модуль</b>				<b>20</b>														
БП	Fiz 2022	ЖК	Физика	5	емтихан	15/0/30/15/90	5											ОН4
БП	Zhyl 2022	ТК	Жылутехника	5	емтихан	15/30/0/15/90		5										
	ТМ 2022		Теориялық механика															
БП	ТКМ 2022	ТК	Теориялық және қолданбалы механика	5	емтихан	15/30/0/15/90			5									
	КМ 2022		Қолданбалы механика															
БП	EN 2022	ТК	Электротехника негіздері	5	емтихан	15/30/0/15/90			5									
	Mater 2022		Материалтану															
<b>7. БХМ Базалық-химиялық модуль</b>				<b>8</b>														
БП	Him 2022	ЖК	Химия	4	емтихан	15/10/20/15/60	4											ОН4, ОН5
БП	AFH 2022	ТК	Аналитикалық және физколлоидтық химия	4	емтихан	15/16/14/15/60		4										
	ТН 2022		Тағамдық химия															
<b>8. ТТМ Техникалық-технологиялық модуль</b>				<b>30</b>														
БП	ТОТТН 2022	ЖК	Тамақ өнімдері технологиясының теориялық негіздері	5	емтихан	30/15/0/15/90			5									ОН5, ОН6
БП	Bio 2022	ТК	Биохимия	5	емтихан	15/30/0/15/90				5								
	Mikr 2022		Микробиология															
БП	ТОРА 2022	ТК	Тамақ өндірісінің процестері мен аппараттары	5	емтихан, кур. жұм	30/15/0/30/75				5								
	АООЗН 2022		Азық-түлік өнімдері өндірісінің жабдықтары															
БП	PK SG 2022	ТК	Пәнаралық курс "Санитария және гигиена"	5	емтихан	15/30/0/15/90					5							
	PK Nut 2022		Пәнаралық курс "Нутрициология"															

БП	PK MITN 2022	ТК	Пәнаралық курс "Мейрамхана ісі техникасының негіздері"	5	емтихан	15/30/0/15/90					5								
	KKTS 2022		Қызмет көрсету технологиясы және сервис																
БП	OT 2022	ЖК	Өндірістік тәжірибесі	5							5								
<b>9. СТМ Стандарттау және тауартану модулі</b>				<b>15</b>															
БП	SS 2022	ТК	Стандарттау және сертификаттау	5	емтихан	15/30/0/15/90					5								
	PSPU 2022		Өнім және қызмет көрсетудің сәйкестігін растау																
БП	TRN 2022	ТК	Техникалық реттеудің негіздері	5	емтихан	15/30/0/15/90							5						
	KEKS 2022		Қауіпсіздік және еңбекті қорғау стандарттары																
БеП	TPP 2022	ТК	Азық-түлік өнімдерінің тауартануы	5	емтихан	15/30/0/15/90					5								
	TSMPT 2022		Шикізат, материалдар мен тұтыну тауарлардың тауартануы																
<b>10. ЖБМ Жобалау-басқару модулі</b>				<b>15</b>															
БП	Pat 2022	ТК	Патенттану	5	емтихан	15/30/0/15/90					5								
	MKUB 2022		Мейрамхана және қонақ үй бизнесі																
БеП	SKZh 2022	ТК	Сала кәсіпорындарын жобалау	5	емтихан	30/15/0/15/90					5								
	PK AOOBE 2022		Пәнаралық курс "Азық-түлік өнімдерінің өндірісін басқару және экономика"																
БеП	PK KTKOU 2022	ТК	Пәнаралық курс "Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарында өндірісті ұйымдастыру"	5	емтихан	15/30/0/15/90						5							
	SME 2022		Сапа менеджментінің экономикасы																
<b>11. MPM MINOR Programs модулі (Кәсіпкерлік жобалар/Кәсіпкерліктің экономикалық негіздері /Базалық құқықтық/Бизнестің құқықтық негіздері/Қаржы/Бизнес-информатика/Тіл және кәсіби коммуникация/ Адам дамуының трендтері/Қызмет көрсету саласын экономикалық-құқықтық реттеу/Тұрақты даму трендтері)</b>				<b>20</b>															
БП	Minor 2022	ТК		20	емтихан						5	5	5	5					ОН1,ОН10



				<b>22</b>																
БеП	TOZhT 2022	ЖК	Тамақ өндірісінің жалпы технологиясы	5	емтихан	15/30/0/15/90							5							
БеП	UShAUTE 2022	ТК	Ұлттық және шетел ас үйі технологиясының ерекшеліктері	6	емтихан	15/15/15/15/120							6	OH5, OH11						
	ETTN 2022		Емдік тамақтану технологиясы негіздері																	
БеП	BTT 2022	ТК	Балалар тамақтану технологиясы	6	емтихан	15/15/15/15/120							6				OH2, OH3, OH7, OH12			
	FTT 2022		Функционалдық тамақтану технологиясы																	
БеП	OT 2022	ЖК	Өндірістік тәжірбиесі	5	есеп								5							
<b>13. СБМ Сынау және бақылау модулі</b>				<b>30</b>																
БеП	ShAOSBB 2022	ТК	Шикізат пен азық-түлік өнімдерінің сапасын бақылау және бағалау	6	емтихан	15/25/5/15/120							6	OH2, OH3, OH7, OH12						
	TKKSS 2022		Тауарлар және қызмет көрсетудің сапасын сараптау																	
БеП	SZh 2022	ТК	Сапа жүйелері	5	емтихан	15/30/0/15/90							5				OH2, OH3, OH7, OH12			
	SOOKB 2022		Сынаудан өткізу, өнім қауіпсіздігі мен бақылау																	
БеП	OT 2022	ЖК	Өндірістік тәжірбиесі	10	есеп															10
БеП	DAT 2022	ЖК	Диплом алдындағы тәжірбиесі	9	есеп									9						
<b>14. ҚАМ Қорытынды аттестаттау модулі</b>				<b>8</b>																
		МК	Дипломдық жұмысты, дипломдық жобаны жазу және қорғау немесе кешенді емтиханды дайындау және тапсыру	8	қорғау/ кешенді емт									8	OH1 - OH12					
<b>Білім беру бағдарламасының жалпы еңбек сыйымдылығы</b>				<b>240</b>			<b>30</b>	<b>30</b>	<b>30</b>	<b>30</b>	<b>30</b>	<b>30</b>	<b>33</b>	<b>27</b>						
<b>15. Soft skills</b>																				
ОҚТ	LG 2022		Латын графикасы	5	емтихан	0/45/0/15/90					5				OH2, OH11					
ОҚТ	IGZBSZhA 2022		Инновациялық және ғылыми-зерттеу бизнес және стартап жобаларды әзірлеу	5	емтихан	15/30/0/15/90						5				OH10, OH11				

### 3.2 Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәннің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредиттер саны	Қалыптастыратын күзінеттіліктер (кодтар)
<b>Жалпыға білім беру пәндер циклі</b> <b>Міндетті компонент</b>				
1	Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Психология	<p>Әлеуметтану оның жүйесін құрайтын қоғамды (институттар, процестер) және олардың қызмет етуі мен дамуының заңдылықтарын зерттейді.</p> <p>Саясаттану қоғамның саяси саласын: саяси билік, саяси институттар, қарым-қатынастар, олардың жұмыс істеу процестері мен заңдылықтарын зерттейді.</p> <p>Мәдениеттану мәдениетті адам өмірі мен қызметінің ерекше және тұтас жүйесі, оның пайда болу заңдылықтары, дамуы мен түсінуінің заңдылықтары ретінде зерттейді.</p> <p>Психология осы әлемді бейнелеу процесінде тұлғаның негізгі психологиялық процестерін, жағдайын, қасиеттерін, ішкі әлемін зерттейді.</p>	8	ТҚ1, ТҚ3
2	Қазақстан тарихы	<p>Қазақстан тарихы қазіргі Қазақстанның дамуының негізгі кезеңдері туралы объективті тарихи білімді қалыптастырады, студенттердің назарын "Рухани жаңғыру" бағдарламасын жүзеге асыруға, тарихи-мәдени үдерістер мен мемлекеттіліктің қалыптасуы мен дамуына бағыттайды. Курс қазақ халқының этногенезінің мәселелерін, Ұлы дала аумағындағы мемлекеттілік пен өркениет нысандарының эволюциясын баяндайды, аса маңызды тарихи фактілер мен оқиғаларды баяндайды, жедел жаңғырту кезеңіндегі дамудың қазақстандық моделінің мазмұнын нақты ғылыми-тарихи біліммен</p>	5	ТҚ1, ТҚ3

		толықтырады		
3	Философия	Философия студенттерде сананың ашықтығын, өзінің ұлттық кодын және ұлттық сана-сезімді түсінуді, рухани жаңғыртуды, сындарлы ойлауды, білім мен білім беру культін қалыптастыруға бағытталған. Курс білім алушылардың қоғамдық сананы жаңғырту және қазіргі заманның жаһандық мәселелерін шешу контекстінде философиялық мәдениетті меңгеруіне, студенттердің рефлексиясын қалыптастыруға, толеранстықты, мәдениетаралық диалогты және ойлау мәдениетін дамытуға және нығайтуға бағытталған	5	ТҚ1, ТҚ3
4	Дене шынықтыру	Пән дене тәрбиесінің әлеуметтік маңыздылығын және оның жеке тұлғаның дамуындағы және кәсіби іс-әрекетке даярлаудағы рөлін түсінуді; дене тәрбиесі мен салауатты өмір салтының ғылыми-биологиялық, педагогикалық және практикалық негіздерін білуді; дене тәрбиесіне мотивациялық-құндылық қарым-қатынасты, салауатты өмір салтына орнықтыруды, дене шынықтыру жаттығуларымен және спортпен үнемі шұғылдану әдеттерін жетілдіру және өзін-өзі тәрбиелеуді қалыптастырады.; денсаулықты сақтау мен нығайтуды, психикалық әлауқатты, психикалық-дене қабілетін, жеке адамның қасиеттері мен қасиеттерін дамыту мен жетілдіруді, дене шынықтыру мен спортта өзін-өзі айқындауды қамтамасыз ететін практикалық шеберлік пен дағды жүйесін меңгеру.	8	ТҚ1
5	Шетел тілі	Пән студенттердің тілдік қабілетін жетілдіреді, сөйлеу	10	ТҚ1

		<p>әрекетінің төрт түрлерінде (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу) икемділіктері мен дағдыларын дамытады. Тілдік дайындық интерактивті сипатқа ие, студенттерге орталықтанған және нәтижеге бағытталған. СОӨЖ түрінде ұйымдастырылған студенттердің өзіндік жұмысына үлкен мән беріледі, оның ішінде абзац жазу/мәтіннің қысқаша мазмұны және жобалық жұмыс, сондай-ақ грамматикалық және лексикалық жаттығуларды орындау кіреді.</p>		
6	Қазақ (Орыс) тілі	<p>Курстың мазмұны сөйлеу қызметі мен сөздік жұмысының барлық түрлерін дамытуға бағытталған лексикалық және грамматикалық тақырыптарды қамтиды.</p>		ТҚ1
7	Ақпараттық-коммуникативті технологиялар	<p>Қоғам дамуының негізгі секторларындағы Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар рөлі. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы стандарттар. Компьютерлік жүйелерге кіріспе. Компьютерлік жүйелердің архитектурасы. Бағдарламалық жасақтама. Операциялық жүйелер. Адам мен компьютердің өзара әрекеттесуі. Дерекқор жүйелері. Деректерді талдау. Деректерді басқару. Желілер және телекоммуникациялар. Киберқауіпсіздік. Интернет технологиясы. Бұлтты және мобильді технологиялар. Мультимедиялық технологиялар. SMART технологиясы. Е-технологиялар. Кәсіби саладағы ақпараттық технологиялар. Индустриялық ақпараттық-коммуникациялық</p>	5	ТҚ2, ТҚ3

		технологиялар. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың даму перспективалары. Жасанды интеллектке кіріспе. Интеллектуалды ақпараттық жүйелер.		
<b>Негізгі пәндер циклі ЖОО компоненті / Таңдау компоненті</b>				
1	Пәнаралық курс Экология және өмір-тіршілік қауіпсіздігі	Пән тірі организмдердің тіршілік ортасымен өзара әрекеттесуін, биосфераның даму заңдылықтарын, жалпы экологиялық жүйелер мен биосфераның қызмет етуін, сондай-ақ антропогендік және табиғи шығу тегі жағымсыз әсерлерден Техносфера жағдайында Алғашқы медициналық көмек көрсету және адамды қорғау тәсілдерін оқытады	5	МК 1, МК 3
	Экономикалық теория	Экономикалық теорияның негізгі бағыттарының қорытындыларына негізделе отырып, үй шаруашылығы, фирма, ұлттық және әлемдік экономика деңгейінде экономиканың дамуы мен қызметін анықтайтын экономикалық құбылыстың мәнін ашатын негізгі ұғымдар мен теориялық ережелерді оқытады, пән экономикалық пәндерді оқыту әдістерін қолдана отырып, ғылыми зерттеулер жүргізу дағдыларын үйретеді	5	МК 1, МК 3
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл негіздері	"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл негіздері" курсының бағдарламасын зерделеу барысында білім алушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің теориялық және әдіснамалық мәселелерін қарастырады; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған нормативтік-құқықтық актілермен танысады; алған білімдерін өзінің болашақ кәсіби қызметінде қолданудың практикалық дағдылары мен дағдыларын	5	МК 1, МК 3

		қалыптастырады.		
<b>Негізгі пәндер циклі ЖОО компоненті</b>				
1	«Кәсіби бағытталған тіл» пәнаралық курсы - 1	"Кәсіби бағдарлы тіл" пәнаралық курсты оқытудың мақсаты кәсіби-бағдарлы сөйлеудің барлық формаларының икемділігін шет тілінде жетілдіру, сонымен қатар болашақ кәсіби қызметінде өндірістік процесте оларға қажетті коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту болып табылады.	3	МК 1
	«Кәсіби бағытталған тіл» пәнаралық курсы - 2	"Кәсіптік-бағдарланған тіл" пәнін оқытудың мақсаты- кәсіптік-бағдарланған сөйлеудің барлық түрлерінің іскерлігін жетілдіру, сондай- ақ болашақ кәсіби қызметінде өндірістік процесте оларға қажетті қазақ/орыс тілінде коммуникативтік және мәдениетаралық құзыреттілікті дамыту.	3	МК 1
2	Математика	«Математика» пәнін оқып үйрену қазіргі заманғы математиканың негізгі ұғымдарын, заңдарын, нақты мәселелерді шешудің әдістерін меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл студенттердің болашақ саласында маман ретінде экономикалық үрдістер мен құбылыстарды математикалық модельдердің көмегімен зерттеп және болжамдауды білу үшін қажет. Пәнді оқыту мақсаты студенттерді қолданбалы экономикалық мәселелерді модельдеуге, талдауға және шешуге көмектесетін математикалық аппараттың негіздерімен таныстыру.	4	МК 2, МК 3
3	Физика	Пән жаратылыстану-ғылыми дүниетаным негіздерін, физикалық құбылыстар мен процестерді зерттеу дағдыларын, қолданбалы есептерді шешу үшін физика	5	МК 1, МК 3

		заңдарын қолдануды қалыптастырады. Келешектегі кәсіби қызметтерінде физиканы оқытудың рөлі. Кинематика. Динамика. Импульстің және энергияның сақталу заңдары. Тербелістер мен толқындар. Статистикалық физика және термодинамика негіздері. Электромагниттік тербелістер. Оптика. Кванттық теория		
4	Химия	Келешек кәсіби қызметінде химияны оқытудың рөлі. Химияның негізгі ұғымдары мен заңдары. Атом құрылысы. Химиялық байланыс және молекулалардың құрылысы. Су химиясы. рН ортасының сутектік көрсеткіші. Тұздардың гидролизі. Концентрацияны белгілеу тәсілдері. Тотығу-тотықсыздану реакциялары. Электрохимиялық процестер. Электролиз. Элементтердің және олардың маңызды қосылыстарының химиясы.	4	МК 1, МК 3
5	Тамақ өнімдері технологиясының теориялық негіздері	Тамақ өнімдерінің тағамдық құндылығы. Ағзаның тыныс-тіршілігіндегі және тағамдық технологиялардағы жеке тағамдық заттардың рөлі. Тамақ өнімдерін өндіруге арналған шикізат. Технологиялық процестердің теориялық негіздері. Тағам өндірісінің жіктелуі. Тамақ өнімдерінің жіктелуі. Тамақ өнімдерін өндіру кезінде шикізатты өңдеудің жылуфизикалық әдістері.	5	МК 4
<b>Негізгі пәндер циклі Таңдау компоненті</b>				
1	Құқық негіздері	Пәнді оқытудың мақсаты студенттерде мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы жалпы теориялық білімді қалыптастыру: Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесі туралы	5	МК 1, МК 3

		тұғас түсінік; мемлекеттің Негізгі заңының мәні; елдің конституциялық құрылысының негіздері; Қазақстан Республикасындағы адам мен азаматтың құқықтары мен міндеттері; мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдары жүйесі; азаматтық, еңбек, отбасылық, экологиялық, әкімшілік және қылмыстық құқықтық қатынастардың ерекшеліктері; қылмыстық және азаматтық сот өндірісінің нормалары туралы.		
	Қазақстан Республикасының Еңбек құқығы	Пән еңбекті реттеу және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы негізгі теориялық білімді, заңнамалық базамен жұмыс істеу дағдысын, практикада туындайтын күрделі жағдайларда бағдарлануды және алынған білімді өндірісте қолдануды қалыптастырады. Курс жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру, еңбек қатынастары саласындағы әлеуметтік серіктестік, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы, еңбекке жарамсыз азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, әлеуметтік қамсыздандыруды халықаралық-құқықтық реттеу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру туралы білімді қалыптастырады.	5	МК 1, МК 3
2	Жылутехника	Жылутехника саласындағы білімді қалыптастыру: Термодинамикадағы бастапқы ережелер. Термодинамика заңы. Термодинамикалық процесстер. Ағын термодинамикасы. Нақты газдар. Су буы. Ылғалды ауа. Термодинамикалық циклдер. Жылу алмасу	5	МК 1, МК 3



		теориясының негіздері. Конвективті жылу алмасу. Жылулық сәулелену. Жылу берілу. Өнеркәсіптік жылу техникасы. Жылу алмасу аппараттарын есептеу негіздері.		
	Теориялық механика	Болашақ кәсіби қызметтегі пәннің рөлі. Механикалық қозғалыс. Кинематиканың пәні мен міндеттері. Нүкте кинематикасы. Қатты дене кинематикасы. Қатты дененің үдемелі қозғалысы және айналуы. Қатты дененің жазық қозғалысы. Нүктенің күрделі қозғалысы. Статиканың негізгі ұғымдары мен аксиомалары. Күштің параллель ауысуы туралы теорема. Денелер жүйесінің тепе-теңдігі. Динамиканың негізгі ұғымдары мен заңдары және олардың практикаға қосымшасы.	5	МК 1, МК 3
3	Теориялық және қолданбалы механика	Кәсіби қызметке қатысты теориялық және қолданбалы механиканың негіздері. Қатты дене статикасы. Көліктердің және механизмдердің құрылысының негіздері. Күштік анализ. Механизмдерді теңдестіру. Механизмдердегі үйкеліс және механизмдердің ПӘК-і. Қатты буындары бар машиналар мен механизмдердің қозғалысын зерттеу. Тісті механизмдерді талдау және синтездеу. Жазық кималардың геометриялық сипаттамалары. Деформациялар. Конструкциялық материалдардың механикалық қасиеттері. Шекті күйлер бойынша конструкцияларды есептеу. Механикалық берілістер.	5	МК 1, МК 3
	Қолданбалы механика	Кәсіби қызметтегі пәннің рөлі. Қарапайым қозғалыс түрлерінің кинематикалық сипаттамалары.	5	МК 1, МК 3

		Материалдар кедергісінің негізгі ұғымдары. Созылу, сығылу. Материалдардың механикалық сипаттамалары және беріктікке есептеулер. Бұралу. Серіппелерді есептеу. Иілу кезінде эпюрларды құру. Иілу кезіндегі кернеу. Бұраумен иілу. Айнымалы кернеу кезіндегі беріктілік. Дәнекерленген қосылыстар. Бұрандалы қосылыстар. Ремендік және тізбекті берілістерді есептеу.		
4	Электротехника негіздері	Электротехникаға кіріспе. Болашақ кәсіби қызметтегі пәннің рөлі. Тұрақты токтың сызықты электр тізбектері. Кирхгоф заңдары және олардың қолданылуы. Айнымалы токтың сызықты электр тізбектері. Синусоидалды ток тізбегінің өткізгіштігі. Электронды техника элементтері. Электрондық құрылғылар.	5	МК 1, МК 3
	Материалтану	Материалтанудың мәні мен міндеттері. Материалдардың құрамы, құрылымы мен қасиеттерінің өзара байланысы. Материалдардың сапасын бақылау. Материалдарды дайындау және пайдалану кезінде олардың қасиеттеріне әртүрлі факторлардың әсері.	5	МК 1, МК 3
5	Аналитикалық және физколлоидтық химия	Болашақ кәсіби қызметтегі пәннің рөлі. Гравиметриялық талдау әдісі, титриметриялық талдау әдісі. Қышқылдық-негізгі титрлеу әдісі. Тұндыру әдісі. Комплексонометрия әдісі. Рефрактометриялық, поляриметриялық, Потенциометриялық, кулонометриялық, хроматографиялық талдау әдістері. Тамақ өнімдерін талдау.	4	МК 1, МК 3
	Тағамдық химия	Тағамдық химияға және адам тамақтануына кіріспе. Тамақ өнімдерінің тағамдық	4	МК 1, МК 3

		және биологиялық құндылығын және қауіпсіздігін арттыру мәселелері. Органикалық қышқылдар тағамдық жүйелердің рН реттегіштері ретінде. Маңызды тағамдық қышқылдардың химиялық табиғаты және физика-химиялық қасиеттері. Ферменттер. Тағамдық шикізаттың негізгі компоненттерінің айналуындағы ферменттердің рөлі (эндогенді ферменттік жүйелер).		
6	Биохимия	Биохимия туралы тұтас түсініктің қалыптасуы: жасушаның құрылымдық ұйымдастырылуы. Ақуыз. Ағзадағы құрылысы, қасиеттері, функциялары. Тамақтанудағы рөлі. Ағзаның химиялық құрамы. Тамақтанудың физиологиялық негіздері. Нуклеин қышқылдары. Ферменттер. Витаминдер. Көмірсулар. Тамақтанудың құрылысы, қасиеттері, маңызы. Липидтер және олардың алмасуы. Зат және энергия алмасуының жалпы заңдылықтары.	5	МК 4
	Микробиология	Микроорганизмдердің негізгі морфологиялық, физиологиялық және экологиялық сипаттамаларын және олардың жіктелуін, сондай-ақ биосфераның жаһандық циклдерінде микробтық бірлестіктердің әсер ету механизмдерін және қоршаған орта факторларының микроорганизмдердің тіршілік әрекетіне әсерін зерттейді. Студенттерді табиғатты тиімді пайдаланудағы қазіргі заманғы тазалау жүйелерін және аз қалдықты технологияларды әзірлеуде биосфера компоненттерінің	5	МК 4

		микроорганизмдермен өзара әрекеттесу заңдылықтарымен таныстырады.		
7	Тамақ өндірісінің процестері мен аппараттары	Тамақ өнеркәсібіндегі процестер мен аппараттар. Процестер мен аппараттарды модельдеу. Гидравликалық машиналар. Гидромеханикалық процестер. Механикалық процестер. Жылу процестері. Массаалмасу процестері. Тамақ өнімдерін өңдеу әдістері.	5	МК 4
	Азық-түлік өнімдерін өндіру жабдықтары	Тамақ өнімдерінің машиналық технологияларын ұйымдастыру. Ауыл шаруашылығы шикізатын компоненттерге бөлшектеу жолымен тамақ өнімдерін өндіруге арналған технологиялық желілер. Ауыл шаруашылығы шикізаты компоненттерінен жинау жолымен тамақ өнімдерін өндіруге арналған технологиялық желілер. Ауыл шаруашылығы шикізатын аралас қайта өңдеу жолымен тамақ өнімдерін өндіруге арналған технологиялық желілер.	5	МК 4
8	Пәнаралық курс «Санитария және гигиена»	Шикізатқа және дайын тамақ өнімдеріне қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптар. Қоғамдық тамақтану кәсіпорындарындағы санитария және гигиена. Тағам өнімдерін өндіру және саудадағы санитария және гигиена. Тауарларды сертификаттау схемаларындағы санитарлық-гигиеналық ережелер мен нормативтер.	5	МК 4
	Пәнаралық курс «Нутрициология»	Тағам гигиенасының әр түрлі аспектілерімен тығыз байланысты сұрақтарды зерттеу: азық-түлік құрамы, тамақ ішу процесі, тағамның әр түрлі түрлерінің өзара әрекеттесуі, қандай да бір өнімдердің ағзаға әсері.	5	МК 4

9	Пәнаралық курс "Мейрамхана ісі техникасының негіздері"	Мейрамхана ісі техникасы саласындағы білімді қалыптастыру: жабдықтарды жіктеу. Машина бөлшектері. Электр қондырғылары. Тамақ өнімдерін механикалық өңдеуге арналған жабдықтар. Көкөністерді өңдеуге арналған машиналар. Ет пен балықты өңдеуге арналған машиналар мен механизмдер. Тамақ өнімдерін жылумен өңдеуге арналған жабдық.	5	МК 4
